

**ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК
УНИВЕРСИТЕТИ**
ФИЗИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ХИМИЯЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР ДАЯРЛАУ БАҒЫТЫ
БОЙЫНША АКАДЕМИЯЛЫҚ КОМИТЕТ МӘЖІЛІСІНІҢ
№ 2 ХАТТАМАСЫ

Түркістан қаласы
жыл

20.10. 2023

Қатысқандар: АК төрағасы:

1. Досымов Е

- Физика кафедрасы, PhD, аға оқытушы

АК мүшелері:

- | | |
|---------------------|--|
| 2. Полатұлы С. | Физика кафедрасы, оқытушы |
| 3. Абжалов Б.С. | Химия және экология кафедрасы, х.ғ.к., доцент |
| 4. Алтынбеква М.О. | Химия және экология кафедрасы, х.ғ.к., доцент |
| 5. Сейтов Б.Ж. | Физика кафедрасы, PhD, аға оқытушы |
| 6. Сайдахметов П.А. | Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан Университеті, физика кафедрасының доценті |
| 7. Перне Н | 6В05348 –Физика ББ студенті |
| 8. Каримжанов Я | 7М05325 –Физика ББ магистранты |

Қатыспағандар: -

Күн тәртібі:

1. ББ бойынша практика бағдарламаларына ішкі аудит ұйымдастыру.
2. Аккредитацияланатын білім беру бағдарламаларының өзін-өзі бағалау есебін әзірлеуге дайындық жұмыстарын жүргізу.
3. Қазан айында атқарылған іс шаралар нәтижесін талдау.

Тыңдалды:

АК төрағасы Досымов Е.: Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша қазан айында атқарылған жұмыстарды талқылайық. Ең алдымен Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің «Жаратылыстану ғылымдар» білім беру саласының білім алушылары үшін өндірістік практиканы ұйымдастыру және өткізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды бекіту туралы» 27 наурыз 2023 жылы қабылданған №125 бұйрығын негізге ала отырып, ББ бойынша практика бағдарламаларына ішкі аудит ұйымдастыру жайлы ойларымызды ортаға салайық.

Сөз кезегін АК мүшесі, академиялық персонал, х.ғ.к., доцент Алтынбеква М.О. алды:

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің «Жаратылыстану ғылымдар» білім беру саласының білім алушылары үшін өндірістік практиканы ұйымдастыру және өткізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды бекіту туралы» 27 наурыз 2023 жылы қабылданған №125 бұйрығын негізге ала отырып, ББ бойынша практика бағдарламаларына енгізілетін өзгерістерді түсіндіру мақсатында факультет деңгейінде «Кәсіби практикаларды ұйымдастыру ерекшеліктері» атты оқу-әдістемелік семинар ұйымдастырылды.

Осы семинар барысында кәсіптік практиканы ұйымдастырудың 4 кезеңі ашып көрсетілді. Олар:

- Дайындық;
- Пропедевтикалық;
- Қалыптастыру;
- Қорытындылау

Кәсіби практиканың негізгі міндеттері, білім алушылардың міндеттері мен құқықтары, жауапкершілік мәселелері қарастырылды.

Осыған орай кафедраларымыз кәсіби практика бағдарламаларын даярлауда жаңа бұйрықты негізге ала отырып, ішкі аудитке даярланды.

АК төрағасы Досымов Е.: Мәжілісіміздің үшінші мәселесі Аккредитацияланатын білім беру бағдарламаларының өзін-өзі бағалау есебін әзірлеуге дайындық жұмыстарын жүргізу. Осы бойынша бағытымызда атқарылып жатқан жұмыстарға тоқталсақ.

АК мүшесі, академиялық персонал, х.ғ.к. доцент, Абжалов Б.С. алды:

Құрметті АК мүшелері, Аккредитацияланатын білім беру бағдарламаларының өзін-өзі бағалау есебін әзірлеуге дайындық жұмыстары жүргізілуде. Кафедралар бойынша жауапты персоналдар тағайындалды. Аккредитацияланатын білім беру бағдарламаларын жоғары дайындықпен көрсетіп, лицензия алатынымызға сенемін.

АК төрағасы Досымов Е.: Қазан айында атқарылған іс шаралар нәтижесін талдадық, жоспар бойынша атқарылатын жұмыстарымыз өте көп және бірге жұмыла жұмыс жасасақ барлық жұмыстар шешімін табады деп сенемін.

АК мүшелері бірауыздан қолдады.

Шешім: ББ бойынша практика бағдарламаларына ішкі аудит ұйымдастырылды, Аккредитацияланатын білім беру бағдарламаларының өзін-өзі бағалау есебін әзірлеуге дайындық жұмыстары жүргізілсін, қазан айында атқарылған іс шаралар нәтижесі қабылдансын.

Мәжіліс төрағасы:

Хатшысы:



Е.Досымов

С.Полатұлы